



25-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛЕМ МУЗЫКАСЫНЫҢ ТАРИХЫ, 1-БӨЛІМ

Кәріс музыкасына батыс
музыкасының әсері





Дәрістің мақсаты: Корей музыка өнері мен корей тарихы сынды ауқымды құбылыс болғандықтан, бұл ел туралы екі сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. 60 ұлттық музыкалық аспаптардың 45-і бүгінгі күнге дейін орындалады, одан басқа корей музыкасының өзіндік түпнұсқалық репертуары мен музыкалық формаларының заманауи музыкадағы көріністері мен екі дәстүр сабақтастығын сипаттау.

Корей аспаптық музыкасының ең ертедегі шығармасы (оны қазірде орындайды) – сучжечхон, сарайшілік музыка формасында, мың жыл бұрын пайда болған. Ол құрамына тэгым (үлкен көлденең бамбукты флейта), пхири (цилиндрлі гобой), каягым (он екі ішекті цитра), әртүрлі барабандар мен басқа да соқпалы аспаптар кіретін аспаптық ансамбльмен орындалады. Сарайшілік музыкаға - конфуцийлік рәсімдерді немесе патша әулетінің ата-бабаларының шіркеулерінде іс-шараларды сүйемелдеу үшін әскери және рәсімдік музыкасы кіреді. Рәсімдік конфуцийлік музыканы Сеулде жылына екі рет беретін концерттерде тыңдауға болады. Қоғамның жоғарғы лауазымды адамдарының музыкасының қатарына 16-лық және 10-дық ырғақта жүретін кагок вокалдық музыкасы кірді – ол аз құрамды ансамбльдің сүйемелдеуімен орындалатын лирикалық әннің ең күрделі түрі, және сичжо, негізгі әуеннің вариациясына құралған қысқаша лирикалық әндер.

Бірақ, бүгінде қарапайым адамдар үшін корей халық музыкасы көбірек орындалады. Оларға: шаруалар музыкасы, бақсылық, буддалық музыкалар жатады. Шаруалар шығарған билерді сүйемелдеу үшін орындалатын ырғақтық, өмірге толы әуендер квенгвари – кіші гонгтың металдық дыбысымен сүйемелденеді.

Батыстық нота жүйесі – 12 тондық болса, корей Халық әндері әдетте бес немесе төрт тондық жүйеге негізделген, бұл дегеніміз до, ре, ми, фа, соль, ля, си, до-ның (натуралды мажор гаммасы) орнына, мысалы, до, ми, фа, до және си болады. Корей халық әндеріне тән бір белгі ол – үштактылі өлшем (бір, екі, үш; бір, екі, үш болып орындалады; осынысымен олар жапон және қытай халық әндеріндегі екітактылі өлшемнен ерекшеленеді. Халық арасынан шыққан вокалдық музыканың тағы бір түрі – пхансори, бұл музыкалық-драматикалық форма ретінде соңғы уақытта Корея Республикасында қайта жандануда. Пхансориді орындаушы көне корей аңыздарының бес негізгі сюжетінің біреуіне негізделген жеке интерпретациясын әнмен, бимен және әртістік ойынымен сахнада қояды.

Ұлттық музыкалық аспаптар – чангу (құмды сағат пішініне ұқсас барабан), және квенгвари, соңғы уақытта танымалдыққа ие болды, қазіргі таңда бұл аспаптарда ойнауды үйрену, соның ішінде жастар үшін мәдени орталық немесе жеке курстарды табу қиындық туғызбайды.

Дегенмен, көптеген корей жастары, үлкендері болсын ұлттық музыканы қалайды деп айтуға болмайды. Корея Республикасында ертеден классикалық батыс музыкасын біледі және жақсы көреді, және осы музыкамен көптеген корей балалары айналысады. Әдетте, қыздарды пианинода, ал ұлдарды – скрипкада ойнауды үйретеді, бірақ басқа аспаптар да танымалдыққа ие.

Комун`го бұл алты ішекті ұзын аспап. Үш ішегінің тиегі қозғалыссыз ладта, ал қалған үшеуі қозғалыста тұрады. Аспапты кішкентай бамбукты ысқыштың көмегімен ойнайды. Бұл аспап Когуро патшалығында төртінші ғасырда немесе одан да ертеректе құрастырған. Чосон әулеті билеген уақытта бұл аспапты басқа аспаптармен бірге классикалық музыканы орындау үшін, және лирикалық әндерді сүйемелдеуге қолданған.

Sanjo – әртүрлі ырғақтық қайталаудан жинақталған, бірнеше мотивтен тұратын, бақсылық музыка. Музыка жай басталып, бірте-бірте екпін күшейе түседі.

Тунгуэ - бұл үрлемелі аспаптың атауы. Саусаққа арналған бес тесігі бар тік бамбукты флейта, бір тесік флейтаның артқы түбінде ал бесеуі алдында. Корей флейтасының тағы екі түрі бар. Бұл дәстүрлі корей аспабының нақты шығу уақыты белгісіз, бірақ 10 ғасыр деп саналады. Флейта патшалық рәсімдерді сүйемелдеді және түскі ас уақытында қолданылған. Қазіргі таңда бұл аспаппен халық музыкасын орындайды.

Ажаенг – жібек ішектері павлон ағашының резонаторына тартылған 7 немесе 9 ішекті аспап. Бұл аспапты жиі флейта және барабандармен бірге ойнайды. Бұл аспап Қытайда ойлап шығарылған және Кореяға Коре әулетінің уақытында (918-1392) жеткен.

Тапөңгсо – конус тәрізді гобой. Ол қатты ағаштан, ал мунштугы және колокол тәрізді түбі латуннан жасалады.

Нунгуэ – Кунджу провинциясының фермерлерінің би және діни шерулер музыкасы.

Хазтан комунго – корей музыкалық композициясының бір түрін белгілеуге қолданатын термин, нақты Комун`го – ның тоғыз әуеніне пайдаланылады.



Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Кәріс музыкасына батыс музыкасының әсері

Kagok-T'aep'yongga. T'aep'yongga - көптеген kagok-тардың ішіндегі соңғысы (классикалық лирикалық әндер). Бұл бізге жеткен 26 әннен тұратын ерлер дауысының, 15 әннен тұратын әйелдер дауысының репертуарында жиі орындалатын әндер.

Дәстүрлі kagok-ты әнші ерлер мен әйелдер кезек-кезек отырып орындайды. Алғашқы әндер жай, төменгі регистрде орындалады, содан соң бірте-бірте екпін жылдамдап, дауыстардың регистрлері жоғарылай бастайды. Соңғы ән қайтадан жай екпінге түсіп, төменгі регистрге түсіп, әйелдер мен ерлертобымен бірге орындалады. Бұлай орындау әдісі осы күнге дейін жеткен. Тепөңга дуэтпен орындалады. Kagok-Ollak ер дауысымен орындалатын лирикалық Ollak әні kagok-тың ең танымалылығы.

Корей дәстүрлі музыкасын орындағанда қолданатын музыкалық аспаптардың 100-ге жуық түрі бар. Бұл аспаптар өздерінің ерекшелігіне қарай үш түрге бөлінеді.

1. Ішекті аспаптар.
2. Үрлемелі аспаптар.
3. Соқпалы аспаптар.

Бүгінде Кореяда екі түрлі музыкалық мәдениет бар: дәстүрлі корей музыкасы және батыс музыкасы. Батыс музыкасынан қатты айрықша болғандықтан, еуропалықтардың дәстүрлі музыканы түсінуі өте қиынға соғады.

Кореяның дәстүрлі музыкасы Kugak немесе Han`guk umak деп аталады. Бұл Шығыс Азияның музыкалық мәдениетіндегі бірегей музыка. Ол мүлдем қытай немесе жапон музыкасына ұқсамайды. Мысалы, көршілердің қосарлы ырғағына қарағанда корей музыкасына үштік ырғақ тән. Сондықтан корей музыкасын бір рет тыңдағаннан кейін, оны басқа музыкамен шатастырып алу мүмкін емес.

Сеулде қытай қоғамының басым бөлігіне қызмет ететін қытай театры 1890 жылдан бар екені белгілі, ол би қойылымдарын аспаптық ансамбльдердің сүйемелдеуімен қоятыны мәлім. Көрермендер сахнасыға шыққан танымал балет әртісі, биші жапондықтардың отарында болған уақытта Сай Шоки есімімен белгілі болған Чо Сунгхои (1911-1968). Ол Пикассоның мұзасы болған. Нью-Йорктың көпшілік кітапханасында оның «Корей Вагабондты» маска және дәстүрлі би театрына негізделген ұзын ақ жеңді киіп билеген суреттері сақталған, алайда оны шаман биі сальпури мен сунму – барабандармен будда биінің қойылымдары ел есінде сақталған.

Би орындауы үшін жаңа нақышты стилдер және тиісінше, фольклорлық ансамбльдерге лайықтамалар қажет болды. Басында шамандық рәсімдік музыка – синави, сүйікті формаға айналды. Өзінің бастапқы нұсқасында синави корей рәсімдерінің ырғақтық циклдерін қабылдайды, бірақ музыкалық құрылымын өзгертеді. Музыкант – бақсылар үйлесімді және бір мезгілде ойнайды, содан соң кезек-кезек еркін әуендік жолдардың интерпретациясын ұсынады.

Синави қойылымы атақты скрипкашы Хегума Чи Йонгхиидің (1908-1979) атымен байланысты, оның қойылымдары 1973-1975 жылдар аралығында материалдық емес мәдени мұра атағына ұсынылды. Синави шетел турларында жиі Кореяның мәдениетін білдіретін брендке айналды. Сарайшілік музыка Бюросының ұйымдастырған алғашқы қоғамдық құжатталған концерттері 1932 жылы болды, бұл концерттерде сахналық қойылымдар қойылды, тіпті бір уақытта фортепианода қолданылды. Бұған дейін Бюро шақырылған қонақтарға концерттер ұйымдастырып жүрді, мысалы, 1920 жылы шақырылған жапон ғалымы Танабэ Хасаоға арнап қойылды.

Кугактың көпшілік сахнаға шығуы дыбыс жазу технологиясы мен хабар тарату арқылы қамтамасыз етілді. 1899 жылы наурызда басылып шыққан Хвангсонг Шинумн газетінде алғаш рет импортталған граммафонның жарнамасы шықты. Жиырмасыншы ғасырдың басында граммафондардың сатылымын көтеру мақсатында бағасы ай сайынғы жалақыдан бірнеше есе асып түсетін пластинкалар шығарыла бастады. Пансориді орындайтын әнші Чо Саньхён, 1992 жылы тамызында бұл жағыдайды былайша еске алады: «Біздің ауылдағы ең ауқатты адамдар ғана өздеріне граммафон сатып алуға мүмкіндігі болды. Барлығы оның дыбысын есту үшін кешке жиналатын. Бізге өте қызық болатын, мен жас болғанда граммафонның ішінде кішкентай адамдар отырады, деп ойлайтынмын.

Жергілікті тұғынушылар үшін кішігірім дыбыс жазатын студиялар құрыла бастады. Бұл жерде Кугак батыс музыкасының алдында басымдыққа ие болатын. Кугактың алғашқы жазбалары 1908 жылы алғашқы әнұрандардың таралуының алдында бес жыл бұрын жасалған. Жақын арада танымал халық әндерінің және 1925 жылдан бастап, танымал әндермен толықтырылған пансориден үзінділердің баспалары қол жетімді болды. Пансоридің қойылымдық нұсқасы жеке ән дәстүріне қарағанда айрықша танымал болды, көп орындаушылар қатысқан бірнеше маңызды альбомдар шықты. Негізінен Сеулде аспаптық басылымдар шығарылды. Көптеген танымал әндер Корея әншілері және жапон музыканттарының



Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Кәріс музыкасына батыс музыкасының әсері

қатысуымен Жапонияда жазылды. 1926 жылы фортепианода сіңлісінің сүйемелдеуімен Юн Шимдоктың орындауындағы атақты ән «Сауи Чанми» («Өлімге табыну») Ниттодағы Осаки студиясында жазылған. Танымал әндер жақын арада сатылымның көшбасшысына айналды. Йи Аэрису 1932 жылы «Чон Сурин» және Ван Пхеннің «Сары сарай Жауы» әнін орындап, 50 000 данасын сатып рекорд жасады. 1927 жылы Сеулде радио бағдарламалар алғаш рет эфирге шықты, кейінірек, 30-шы жылдардың ішінде Кореяның басқада қалаларымен ауылдарында радио таратқыштар орнатты. Радионың танымалдылығы артты, 1937 жылы 112 000 қабылдағыштар сатылды. Көбінесе, эфирде граммофондағы жазбалардың орындаушылары тыңдалды. Бірінші концертте Сеул симфониялық және камералық оркестрлері өнер көрсетті. Батыс музыкасының танымалдылығының жылдам өсуі салдарынан, 1928 жылы радио Хун Наньпаның жетекшілігімен өзінің меншікті камералық оркестрін құрды. 1936 жылы Шуберттің симфониясының жазбасы шықты. 1938 жылдан бастап, тұрақты апталық тарату батыс оркестрімен әртістерінің жазбаларын қосып отырды. Бұл таралымдар қымбатқа түсті, сондықтан Жапониядан және басқада елдерден классикалық музыкалық білім алып келген кәрістер классикалық шығармаларды таспаға жазды, ал радио таралымның негізін дәстүрлі кукак пен халық әндері құрады. Мысалыға, атақты халық флейташысы тэгум Пак Чонги өзі қайтыс болар алдында 1941 жылы 209 тіке трансляциялы таралымға қатысты.

Тынық мұхит соғысының аяғында батыс музыкасы Оңтүстік Кореяда бұқаралық ақпарат құралдары жағынан басымдылық көрсетті. Бүгінде Кукак ТВ KBS мемлекеттік бақылаудағы бір ғана тұрақты бағдарламамен шектелген.

Жиырма бірінші ғасырда Ұлттық орталық кукак концерттерін өткізетін негізгі орын болып саналады. Корей соғысының уақытында өзінің қызметін бастаған Орталық алғашқы ұлттық концерттерін Пусанда берді. 1988 жылы орталық Сеул орталығының қасындағы алаңға көшті. Оркестрдің бірінші шетелдік концерті 1964 жылы Токиода болды. Бүгінде аптаның әр сенбісінде студенттер мен шетел қонақтары үшін ұлттық попурилер орындалады, ал атақты музыканттардың тұрақты концерттері аптаның екінші және төртінші күндері өтеді. Орталықтың Чиндо мен Намвонада филиалдары бар, XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында Пусан мен Чеджуде жаңа нысандар салынды. Бір қарағанда бұның барлығы әсерлі болуы мүмкін, бірақ батыс музыкасының концерттерін билет сатылымдары көмегімен және корпорациялар қаржыландырса, кукактың концерттерін тек мемлекеттік демеушілер қолдайды.

Батыс музыкасы мен корей ұлттық музыкасын салыстырмалы зерттегенде «Композиция» батыс тұжырымдамасы болы табылады ма? Деген заңды сауал туындайды.

1960 жылға дейін, Ким Кисудан басқа Кореядағы композиторлар аспапталуы, үйлесімділігі және формасы жағынан қарағанда батыс музыкасын жазды. Отаршылдық кезеңде олар диатоникалық үйлесімдегі музыканы жазуды қалады. Олардың негізгі білім көзі Жапония болды, жағдайы келгендер сонда оқыды. Хонг Наньпа, мысалы, Токиода білім алды. Ким Суннам (1913-1983) Корея азат етілгеннен кейін Солтүстік Кореяда тұрақталды, Пак Таджун (1900-1986), Эактай Ан (1905-1965), Йи Химгирол (1909-1980) т.б.. Бүгінгі таңда ең танымал композитор Исанг Юнь (1917-1995) Жапонияда оқыды. Эактай Ан кейінірек Америкаға аттанып, Цинциннати мен Филадельфияда оқып, содан соң, 1937 жылы Темпл Университетін тәмәмдады. Бұл уақытта ол Эрнст фон Донанимен жұмыс жасап, Еуропада гастрольдік сапарда болды. Ан үнемі Рихард Штраустың шәкірті болдым дейтін. Оның әсері 1948 жылы шыққан «Тонгхе мулга»-сының бай және жұмсақ гармониялық үйлесімділігінен байқалады. Ол Оңтүстік Кореяның әнұранын 1936 жылы Еуропада жазды, содан кейін бұл туындыны «Корея» Симфониялық фантазиясының финалына қосты.

Кейбір композиторлар Еуропа мен Америкада білім алуға тырысты. Хён Чем ён (1902-1960) 1929 жылы Чикагоны аяқтады, Хонг Наньпа 1930 жылы бір жыл Чикагодағы Шервуд колледжінде оқыды, ал Ча Тонгсон (1901-1953) Германияға кетіп, тек 1932 жылы оралды. Себебі, Еуропаны классикалық музыкалық іргетасы ретінде қарастырды. Исангу Юн:

«Еуропалық музыка» көне музыканы білдірді, В.Моцарт, И.Бах, Й.Брамс және Р.Шуманның шығармалары. Мен жас кезімде бұл музыканы естігенде, оны ертегі әлемі деп ойладым. Мен париктерді, ескі шеберлердің жұмыстарын, ескі киімдерді, керемет сарайлармен музыкалық салондарды көрдім. Бұл бейнелер мені таңырқатты». Юн расымен де 1955 жылы Еуропаға аттанды. Ол Кореяның екінші қаласы, астанадан алыстау батысқа қарай Пусан портындағы Тонгёнгеде туылған, алдымен Сеулде батыс музыка теориясын, композиция мен виолончельді оқыды, содан соң 1934 пен 1936 жыл аралығында Осаканың музыкалық институтында және 1938-1941 жылдары Токиода оқыды. Ол Еуропада Оливье Мессиянды тауып алып, Берлинге көшіп келіп сонда тұрақталды.

Көптеген корейлер үшін «композиция» батыс тұжырымдамасы болып қала береді. Кукакта бұл үлкен мәселе тудырды, себебі оның шығармашылық үдерісі шеберлігімен қиялының арқасында тақырыпты



Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Кәріс музыкасына батыс музыкасының әсері

әр орындаған сайын музыканттан жаңашылдық суырып салма тәсілін талап етеді. Хан Маньюн, Ұлттық орталықтың бұрынғы директоры: Бізде композитордың тұжырымдамасы болмады, себебі жаңа музыка үнемі ескі музыканың транскрипциясынан туындады... Тек, жиырмасыншы ғасырда корейлер вестернизацияға бағына отырып, композициялық жаңа музыканы шығарудың қажеттілігімен соқтығысты.

Аңыздарда расымен дәстүрлі музыканы құрушыларды бейнелейді, бірақ олар «қалыптасу» (Хуонсонг) тұжырымдамасында уақыт өте келе Ұлттық орталықтың тағы бір бұрынғы директоры, композитор және музыкатанушы Йи Сонгчон (1936-2003) қолданған тұжырымдаманы да қолдайды. Мысалы, алтыншы ғасырда – Урук Үш патшалығының тарихынан бастап, Кая тайпасының музыканты Кореяның есте қалатын аспабы – он екі ішекті цитра каягуомды құрастырды.

Шығыс пен Батыстың бірігуі

Чанга жанрынан үш жанр туындады: Ешул кагок – диатоникалық үйлесімдегі патриоттық немесе сезімтал мәтінді лирикалық ән формасы, Тонгё – балалар әні және Юхаенга – танымал әндер.

Корей музыкатанушылары бұл жанрлардың түп-тамыры жергілікті деп айтады, дегенмен ұқсас шығармалар Жапонияда болды. 1919 жылы жазылған Хун Наньпаның «Бальзам гүлі» ең бірінші түпнұсқадағы Ешул кагок деп саналады. Алғашында Жапонияда 6/8 өлшеміндегі соло скрипкаға жазылған «Аешу» да («Қайғы») үйге деген сағыныш туралы айтады. 1924 жылы Юн Кугён құрастырған «Пандал» (Жарты ай), немесе одан ертерек 1921 жылы шыққан «Саранг уи сонмул» (Махаббат сыйлығы) алғашқы балалар әні деп саналады. Әдетте Талпыныс туралы ән деп аталатын алғашқы танымал ән белгісіз композитормен 1923 жылы жазылуы мүмкін. Юхаенганың шығу тегі даулы болып қала бермек. Терминнің өзі энки репертуарына белгілі жапондық рюкоктың корей тіліндегі сөзі болып табылады. Пентатоникалық лад – Кореяның шығыс жағалауындағы қарапайым менарихо, жапон йонанукиіне ұқсас, 4-ші және 7-ші басқыштары жоқ. Олардың айырмашылығының бірі ерте корей әндері үш рет қайталаумен орындалса, жапондық рюкока екі рет қайталаумен жүреді. 1930 жылдардың басында дыбыс жазу өнеркәсібі өскен уақытта Юхаенганы жапон студияларында жазды және корей әндері екі рет қайталауға ауысты. Юхаенга бүгінде Оңтүстік Кореяда музыка кештерінде, мейрамханаларда және автобустарда арзан кассеталар үшін ең негізгі материал болып табылады, ал Солтүстік Кореяда олар мемлекет рұқсат еткен танымал әндердің нақышының негізі болып саналады.

1951 жылы американдық қарулы күштерінің Корейлік желісі өзінің қызметін елдің оңтүстігінен бастады, Лос-Анджелесте әзірленген американдық хиттердің ұнтаспаға жазылған үлгісін тарата бастады. 1956 жылы Американдық біріккен қызмет көрсету ұйымы (USO) қымбат американдық жұлдыздарды емес, жергілікті арзан әншілер мен әртістерді жалдап, корей аумағындағы әскери лагерлердегі шоу бағдарламаларын бақылауға алды.

Осылайша, корей музыканттары поп және джаз бағытындағы қазіргі заманғы нақышты жаттап алып, жергілікті аудиторияға ұсынды. Алғашқы отандық поп-музыка 1950 жылдың соңынан бастап, апта сайын радио KBS-да таралатын «Аптаның музыкалық хиттері» бағдарламасы болды; Бұл уақытта американдық фильмдер Кореяға жетті, және корей альбомдарының қаптары олардың мазмұнына сәйкес келетін билерді көрсете бастады: танго, румба, блюз, чачача тағы да басқалары. Американдық наразылық әндері танымал әншілер акустикалық гитарамен орындайтын корейлік Тонг кифа болды, ал әндердің мәтіндері цензуралық ережелерге сәйкес өзгертілді. Әскери диктатураға қарсы наразылық танытқанда Студенттер 1980 жылға дейін созылған ән қозғалысының негізі болды. Қоғамдық поп-музыка Кореяда юхаенгада негізі қаланған аттас паназияттық балладаны сақтады. Бірақ, 1990 жылдардың басында демократия мен музыкалық бейнебаян пайда болды, ал поп-сахнаға рэп, регги, джангл және панк келді. Тек, ақылсыз сыншы ғана корей поп-музыкасы батыстың көшірмесі деп айта алады. Кугак 1980 жылға дейін танымал музыкадан алыстады. Жас композиторлар Янг Донга Кимада университеттерде оқып, батыс музыкасының гармониялық және құрылымдық ерекшеліктерін меңгеріп, сөзсіз синкритизмге келді. Шығыс пен Батыстың шекарасы бұлыңғыр болды.

Жаңа мыңжылдықтың басында кугак фьюжн деген атаумен белгілі жаңа жанр пайда болды. Бұл кугакқа негізделген музыканың аудиториясын кеңейту мақсатында әзірленген. Ішінара, бұл отандық музыкалық өнеркәсіптің құлдырауына қарсылық беру мақсатындағы маркетингтік стратегия. Тең дәрежеде өздерін шығыс және батыс дыбыс әлемінде жайлы сезінетін жиырма бірінші ғасырдың кугак түлектерінің тәжірибесін және қызығушылығын көрсетеді. Олар көне он екі жібектен жасалған ішекті пентатоникалық нұсқадағы қазіргі заманғы жиырма бес ішекті диатоникалық нейлон ішекті аспаптарға өзгерген дәстүрлі



Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Кәріс музыкасына батыс музыкасының әсері

кайағым цитрада ойнайды. Кайағым цитрасының оркестрлері Сукмёнга Әйелдер университетінде ең көп танымал, The Beatles-дың классикасының өңдеуін «лэтит би» ге жазып, жанрды танымал етті. Пьюсьон Кугакта көрермендер Вивальди, Пьяцолла, Битлздан, самба және джазdan ляззат алады, олар корей аспаптарында, жиі гармониялық пернетақтамен немесе гитараның заттарымен орындалады. Дегенмен, Кугак пьюсьон жергілікті қолданысқа арналған болса да, Кореядан тыс жерлерге үлкен әсерін тигізбеді, дәл осы жанрда дәстүрлі музыка батыс музыкасымен тұтастық құрады.

Дәріс бойынша қосымша ресурстар:

1. Джон Мюррей (1970) «Корея және оның көршілері», Лондон; Yonsei University Press баспасы
2. Boots JL (1940) «Корей музыкалық аспаптары және корей музыкасына кіріспе», Корольдік Азия қоғамының Корей бөлімгесінің еңбектері
3. Byeon, Gyewon (2001) «Ch'angjak kugak: Корей дәстүрлі музыка аспаптарына жаңа музык шығару», докторлық диссертация, Лондон университеті
4. Чхэ Хён-кюн (1996) «Чангджак кугак: корей тіліндегі корей музыкасын шығару», докторлық диссертация, Мичигана Университеті (1998) «Чанжак кугак (жақын арада шығарылған корей музыкасы): Корей музыкасын шығару»
5. Чанг Сахун (1948) «Minyowa hyangt'o akki», Сеул
6. Sangmundang (1969) «Han'guk akki taegwan», Сеул
7. Йомёнг және Тонсо Умак (1974) «Han'guk kugak hakhoe», Сеул
8. Ројінје (1980) «Классикалық корей музыкасында білім алу, өткені мен бүгінгісі», Korea Journal
9. Чанг, Yoonhee (2004) «Оңтүстік Кореяда радио арқылы дәстүрлі музыканы ілгерілетіп танымал ету: Этнография», Индиана Университеті
10. Чо Вангсан (1947) «Choson minyo kaeron», Сеул
11. Им Сокчае Чаэрок, Ханьгук Куби Миньо (1995) «Chungang chunghakkyo Ch'odung hakkyoe ponaegi wiwonhoe (eds.)», Сеул
12. Сагеджул Чоэ Пхонгсам (2000) «Самуллори пазуги: Wollieso yoңju kkaji», Сеул
13. Hangminsa Ch'oe Pyongsam и Ch'oe Hon (1992) «Самуллори: Han'guk Umak», Сеул
- 14.
15. Исанг Юн Gesellschaft, (2006) «Корей музыкасының сақталуы: Материалдық емес мәдени құндылықтар бірегейлік символы ретінде», Олдершот
16. Ashgate (2006) «Кәметтілікке келу: 1990-шы жылдардағы корей поп-музыкасы», кітапта К. Ховарда (ред.), «Корей поп-музыкасы: толқында сырғанау», Фолкстон: Глобал Ориентал
17. Халберт, Х. Б. (1896) «Корейдің вокал музыкасы», The Korean Repository, (1906) Корей хабары, Нью-Йорк:
18. Йонсей Хант, EN (1980) «Кореядағы пионер-протестанттар», Мэриколл, Нью-Йорк
19. Хван, Окон (2006) «Кореядағы поп-музыканың өрлеуі мен саясаттануы: 1960-шы мен 1980-шы жылдары», Фолкстон